

**«БЕКІТЛДІ»**  
**ҚР ЕЖБМ «Ұлттық тестілеу**  
**орталығы» РМКК директоры**  
**Р. Емельбаев**  
**« 202 ж.**

**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты**  
**«Педагогика және психология негіздері» пәні бойынша**  
**окытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру**  
**бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірынғай тестілеуге арналған**  
**тест спецификациясы**  
**(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында окуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**B004-Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау**

**B005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау**

**B006-Музыка мұғалімдерін даярлау**

**B007-Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау**

**3. Тест мазмұны:**

<b>№</b>	<b>Тақырып</b>	<b>№</b>	<b>Тақырыпша</b>	<b>Оқыту мақсаты</b>
01	Педагиканың жалпы негіздері	01	Педагогика пәні, негізгі ұғымдары. Педагикалық зерттеу әдістері.	1. Педагогика пәні, негізгі ұғымдары мен міндеттерін анықтау; 2. Педагиканың салалары, басқа ғылымдармен байланысын анықтау; 3. Педагикалық зерттеу әдістерін сипаттау;
		02	Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жеке тұлғаның тәрбиесі, қалыптасусы.	1. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің құрылымы мен принциптерін айқындау; 2. Тұлғаның дамуына әсер ететін факторларды анықтау, оларға сипаттама беру; 3. Дамудың жас және жеке ерекшеліктерін анықтаңыз
02	Тәрбие теориясы	03	Қазіргі қоғамдағы тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мәні. Тәрбиенің әдістері мен құралдары.	1. Тәрбиенің мақсат-міндеттерін, заңдылықтары мен принциптерін анықтау; 2. Тәрбие үрдісіндегі өзін-өзі тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеудің мәнін анықтау; 3. Тәрбие әдістерін жіктеу, оларды сипаттау;
		04	Окushыларды тәрбиелеудің мазмұны және тәрбиенің түрлери. Балалар ұжымының қалыптастыру.	1. Тәрбие түрлеріне сипаттама беру; 2. Ұжым ұжымына анықтама беру, окushылар ұжымының даму кезеңдерін, белгілерін сипаттау;

		05	Мұғалім – сынып жетекші. Отбасы, мектеп, жұртшылық.	1. Сынып жетекшісінің міндетті қызметтерімен бағыттарын білу. 2. Отбасы мен мектеп, жұртшылық арасындағы ынтымақтастығы туралы білу;
03	Дидактика. Оқыту және білім беру теориясы	06	Дидактика пәні, міндеттері. Оқыту принциптері.	1.Дидактиканың пәні,ұғымдары, тұжырымдамаларын менгеру; 2. Оқыту процесінің негізгі компоненттерін анықтау, білімді ұғыну сатыларын менгеру; 3. Оқыту заныштықтары мен принциптеріне сипаттама беру;
		07	Білім берудің мазмұны. Оқыту әдістері.	1.Білім беу мазмұнына қойылатын талаптарды анықтау; 2. Білім мазмұнын анықтайтын күжаттарға сипаттама беру; 3. Оқыту әдістерінің жіктелуі және оларды сипаттау;
		08	Оқытуды ұйымдастыру формалары. Окушылардың білімін, дағдыларын бақылау және бағалау.	1. Оқытуды ұйымдастырудың формаларын ажырату; 2.Сабак типтерін, құрылымын, сабакқа қойылатын талаптарды анықтау; 3.Окушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау мен бағалаудың мақсаты мен міндеттерін,қызметін және талаптарын анықтау;
		09	Мектептану.	1. Білім беру ісін басқарудың негізгі принциптерін анықтау, басқару әдісі мен стилін менгеру. 2. Мектептегі педагогикалық кенес пен әдістемелік жұмыстарға сипаттама беру;
04	Мектептану негіздері	10	Озат педагогикалық тәжірибе	1. Озат педагогикалық тәжірибе түсінігі, оған қойылатын талаптарды анықтау;
05	Жалпы психология	11	Психологияның пәні, мақсат-міндеттері, даму тарихы. Психологияның зерттеу әдістері. Ми және психика.	1.Психологияның пәні, мақсат-міндеттері, даму тарихын сипаттау; 2.Психологияның зерттеу әдістеріне талдау; 3.Ми және психика туралы білімді менгеру;
		12	Қарым-қатынас. Жеке адам	1. Қарым-қатынас, қарым-

			және іс-әрекет. Темперамент, мінез, қабілет, туралы түсінік.	қатынастың тұрларіне, стилдеріне сипаттама беру; 2. Жеке адам және іс-әрекет туралы білу. 3. Темперамент, мінез, қабілет, туралы түсініктерін менгеру.
		13	Зейін және түйсік, қабылдау туралы түсінік. Ойлау және сөйлеу туралы түсінік. Ес және қиял туралы түсінік. Эмоция және сезім туралы түсінік. Ерік туралы түсінік.	1. Зейін, түйсік, қабылдау, ойлау және сөйлеу ес және қиял туралы білу. 2. Эмоция және сезім, ерік сапаларын менгеру.
06	Жас ерекшелік психологиясының негіздері	14	Жас ерекшелік психологиясы жайлы түсінік. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Бастауыш сынып оқушыларының психологиясы. Жеткіншек және жасөспірім психологиясы.	1. Жас ерекшелік психологиясы жайлы білу. 2. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясына талдау. 3. Бастауыш сынып оқушыларының психологиясын менгеру. 4. Жеткіншек және жасөспірім психологиясын ажырату.

#### 4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Педагогика және психология негіздері» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдай (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген такырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қыындығы:** Тест 3 қыындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (A) – 25%, екінші деңгейде (B) – 50%, үшінші деңгейде (C) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең тәменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың ортаса ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуга жұмысалатын уақытты ескере есептелген.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау КР БФМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бүйрекімен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру үйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Фалымова Ә.У., Ильясова Р.Қ. Педагогика; Оқулық. - Астана: Фолиант, 2012 ж.
2. Әбенбаев С.Ш. Әбиев Ж. Педагогика. Оқу құралы. –Астана: Фолиант,2009.
3. Әбенбаев С.Ш. Педагогика. Оқу құралы. –Астана: Фолиант,2015.
4. Қоянбаев Р. Педагогика-Алматы,2000
5. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. Алматы, 2004ж.
6. К.Жұмасова Психология. «Фолиант» баспасы, Астана, 2010ж.
7. Алдамұратов Жалпы психология.-Алматы: Білім, 1996. 157бет.
8. С.Б.Бабаев. Жалпы психология. Алматы, 2009ж.
9. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: оқулық –Алматы: Қазақ Үлттық университеті,2013,-354 бет
10. Қ.Сейталиев. Жалпы психология. Оқу құралы.-Алматы: «Білім», 2007, -360бет



А.Ж.Кайрлиева  
(Т.А.Ә)

Курманалина

А.Ж.

А.Ж.  
Кайрлиева